

Әбдіқалық К.С.
**Ғұмар Қараш жырындағы
ұлт тағдыры**

Бұл мақалада Ғұмар Қараштың бүгінгі күнге дейін беймәлім болып келген «Залалды торғайлар» өлеңінің астарлы сыры ашылған. Өлеңдегі ақынның тұспалдап берген ойлары көп жайттың сырын ұғынуға шақырады. Жұмбақтап берілген торғайлар, жас егін, тұрымтай, қырғи, торғайды қорғаушылар мен әділ қазы, т.б. бейнелер арқылы ақын өз заманының тарихи сырынан хабардар еткені осы мақалада алғаш айқындалып отыр.

Түйін сөздер: Алашорда үкіметі, Уақытша үкімет, Ақпан төңкерісі, партиялар, жинақтары, ұлт, қоныс, орыс отаршылдығы, заман, Алаш партиясы.

Abdikalyk K.S.
**The fortune of nation in the
poem of Gumar Karash**

The article was revealed undertone of the poem of Gumar Karash «Zalaldy torgailar», unknown audience of wide lap. Only because of the undertone of writer's works is acquired the true content. The present time artistic heritage of Gumar Karash, in particular, his poem «Zalaldy torgailar» continues to search and discover new verges of meaning of his works. This part of creativity is well-known to poet remains poorly understood in present time, and that led to the necessity of studying this problem.

Key words: government Alash-Orda, the Provisional Government, the February Revolution, the parties, collections, nation, place, century, religion, Alash party.

Абдикалык К.С.
**Судьба народа
в стихотворениях
Гумар Караша**

В статье анализируется стихотворение Гумара Караша «Залалды торғайлар», неизвестное широкому кругу читателей. Автор статьи справедливо утверждает, что в творчестве Гумара Караша многое скрыто – это характерная черта его поэтики. В настоящее время творческое наследие Гумара Караша, в частности, его стихотворение «Залалды торғайлар» продолжают исследовать и выявлять новые смысловые грани его произведений. Лишь немногие говорили о подтексте и способах его проявления в стихах поэта. Эта область творчества известного поэта остается малоизученной на сегодняшний день, что и обусловило необходимость исследования данной проблемы.

Ключевые слова: правительство Алаш-Орды, Временное правительство, Февральская революция, партия, нация, век, религия, партия «Алаш».

ҒҰМАР ҚАРАШ ЖЫРЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Ақындығымен қатар азаматтық тұлғасын, саяси-әлеуметтік көзқарасын танытатын Ғұмар Қараштың ұлттық рухтағы өлең кітабы 1918 жылы Үпі (Уфа) қаласында жарық көрген «Тұрымтай» болатын. Ғұмар шығармаларының ішінде көбірек сынға ұшырағаны да осы «Тұрымтай» жинағы. Мәселен, сол уақыттағы ҚК (б) Орталық Комитеттің хатшысы Ж.Шаяхметовтың 1947 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» деген мақаласында «Ұлы Октябрь революциясынан кейін Қарашев Совет өкіметіне қарсы шықты. «Зыянды торғайлар» деген өлеңінде большевиктерді жаңа піскен егіннің, яғни февраль революциясының жеңісін жалмап жатқан торғайлар деп бейнеледі, бұл торғайларды қыруға автор өзінің «Тұрымтайын» жұмсады» [1] деген пікірлер айтылып, уақыттың ығымен осылай бағаланған еді. Жалпы, ақынның «Тұрымтайы» ұлт тағдырына маңыз беріп жырлауымен құнды. Алаш зиялыларының саяси ұстанымына сай ақынның да сол уақыттағы өзгерістерге, яғни, Қазан төңкерісінің кейбір бағытын ұнатпағаны жасырын емес. Бұл тараптағы айқын көзқарасы «Тұрымтай» жинағындағы біршама өлеңдерінің астарынан сезіліп те жатады. Солардың ішінен Ғұмар Қараштың «Залалды торғайлар» шығармасын сөз етейік.

Бұл өлеңінің астарлы сыры бүгінгі күнге дейін беймәлім болып келді. Өлеңінің соңғы үшінші бөлігінде ақынның өзі «Бұл арасын оқушым, Ойла-дағы өзің шеш» деп оқырманға өзің түсініп, шешіп ал дегендей ой тастайды. Ақынның осы шығармасы туралы бірсыпыра пікір айтылғанмен, ортақ тұжырым жоқ, яғни, әр түрлі болжам айтылған. Ғ.Қараштың «Залалды торғайлары» алғаш С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде арнайы сөз етіледі. Онда «Бұндағы жас егін, сөз жоқ, февраль төңкерісі».

Ол кездегі байлар партияларының айтуынша, февральды (жас егінді) өсірмейтін жұмыскерлер мен еңбекші қара шаруаның жасағалы отырған пролетариат төңкерісі. Шыны солай. Өйткені, пролетариат февральмен қанағаттанған жоқ. Февральдың ертеңінен-ақ, байлар партиясынан жігін мүлдем ашып, Октябрь төңкерісін жасайтынын ашық көрсетті. Осы сияқты, Февраль төңкерісіне қатер туғызып отырған торғайларды (жұ-

мыскерлер мен еңбекші қара шаруаны) жоғалтуға байлар өзінің «тұрымтай», «қырғиларын» әзірледі...» [2,163] деген пікір берілген. Осы пікірді дамыта түскен зерттеуші М.Тәж-Мұрат өз еңбегінде өзінің мынадай болжамдарын ұсынады: «Осы пікірді кенеу тұтуға да болар еді. Бірақ өлеңді одан әрі оқығанда ақын басқа өріске шығады.

Елдің сору кім екен,
Егін жеген торғай ма;
Жә болмаса торғайды,
Қорғаушы да сондай ма...
Бір күніме керек деп,
Торғайлар да көмек деп.
Дүниенің жүзінде,
Көздегенім жемек деп.
Сол мұрады қорғай ма?!
(«Тұрымтай», 4-б.).

Ақын айтып отырған торғайды қорғаушылар кімдер? «Тұрымтайды» бұрын-соңды сөз етушілер осы сұрақты орағытып өтіп келеді. Біздіңше, бұл жерде екі түрлі болжам жасауға болады. Біріншісі, «Жас егін» – торғайлар – сол бостандықты жөргегінде тұншықтыруға асыққан большевиктер, оларды қорғаушылар – «өмірден байды, өрістен малды құртса кедей керуен жүріп кетеді» деген қыздырманың қызыл сөзін малданып жүрген елдегі шолақ белсенділер.

Екінші болжамның табан тірейтін жері – «Бір күніме керек деп, // Торғайлар да көмек деп, – дейтін қос тармақтағы ой. Алашорда үкіметінің Уақытша үкімет жөніндегі саясаты еске түседі. Автономия жариялау мәселесінде Уақытша үкіметтің шешімін күту керек пе, күтпеу керек пе деген өреде алашордашылар пікірі екіге бөлінгені, Ғұмардың соңғы топта болғаны белгілі. Олай дейтін болсақ, ақырғы үш жол большевиктермен де ат құйрығын үзбей, аңысын андау саясатын білдіреді.

Бірақ бұл кесімді пікір емес. Дүрбелеңді сапырылыста әлі белгілі бір тоқтамға келіп болмаған жанның толқымалы көңіл-күйін аңғартады өлең» [3,312]. Ал «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабында «Ғұмар торғайды елді талаушы әкімдер бейнесінде алады» [4,56] делінген.

Сонымен, «Залалды торғайлар» өлеңінің мәнісіне үңілсек, расында да ақынның тұспалдап берген ойлары көп жайттың сырын ұғынуға шақырады. Мұндағы жұмбақтап берілген торғайлар, жас егін, тұрымтай, қырғи, торғайды қорғаушылар мен әділ қазы арқылы нені айтқысы келді? Ғұмар Қараш өлеңі былай басталады:

Көбейді түрлі торғай осы күні,
Шұқиды жас егінді күні, түні [5,119].

Ақынның «осы күні» деп отырғаны, сөз жоқ, 1917-1918 жылдардың аралығындағы уақытты меңзеп отырғаны белгілі. Ал осы кезеңде «көбейген түрлі торғайы» әр түрлі саяси ұйымдар болса керек. Тарихи деректерге сүйенсек, 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін патша өкіметі құлаған соң, Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті мен Санкт-Петербург кеңесі атқару комитетінің келісімі нәтижесінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысы (Учредительное собрание) өткізілетіні мәлім болып, осы құрылтайға тек саяси партиялардың өкілдерінен сайланған делегаттар қатысатындықтан қазақ оқығандары шұғыл түрде саяси партия құруды қолға алған екен. Сонда осы жылдары қазақ жерінде құрылған әр түрлі саяси партиялар мен ағымдарды (қозғалыстарды) ақын «түрлі торғайға», «жас егінді» 1917 жылдың шілдесінде құрылған «Алаш» партиясына балап отырған тәрізді. Олай дейтін себебіміз, сол уақытта «Алаш» партиясын «күні, түні шұқитындар» оның қарсылас партиялары еді. Яғни, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутат ұсыну мәселесінде саяси ұйымдардың арасында талас-тартыстың күшейгенін, «Алаш» партиясының қазақ жеріндегі басты бәсекелестері большевиктер мен эсерлер партиясымен қоса, «Үш жүз» партиясының болғанын тарихтан білеміз. Әсіресе, «Үш жүз» партиясының мүшелері өз газетінің бетінде ұсынған бағдарламаларымен қоса, «Алаш» партиясын жамандап көптеген мақалалар жариялаған екен. Бұл жөнінде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында «Қызылжар қаласында «Үш жүз» деген газет шыға бастады. Газеттің бетін «Алаштың» көсемдерін сөгумен толтыра берді. Әрине, «Алаш» партиясының көсемдері де «Үш жүз» басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ...» деген мәлімет берілсе, «Алаш» қозғалысы» (2008) деген кітапта «Үш жүз» партиясы іргесін «Алаштан» аулақ салып, большевиктер мен солшыл эсерлерге жақындай түсті. Қазан төңкерісі жеңіске жеткен соң, «Алаш» партиясына қарсы ашық күреске шықты, оның оппоненті болды» делінген. Демек, ақын «жас егінді күні, түні шұқитын торғайлар» бейнесін осылайша емеурінмен түсіндіріп берген сынайлы.

Алашорда үкіметіне үлкен үмітпен қараған ақын дұшпандарына сес көрсеткісі келеді. «Серпіліп бір саябыр болмас па екен, Сырылдап Тұрымтайдың шыкса үні» деп қана қоймай,

Бір неме жасамаса қояр емес,
Бәрінің жас бидайға түсіп жыны.
Жалғасып Тұрымтайға Қырғи шығып,
Құрғырлар бітер ме еді қалмай дымы,—

деген ақынның, тіпті, соларды дым қалдырмай «қанаттарын жұлар ма еді» деп тістенгенін көреміз. Өйткені, олар құрыса «Жалбырап бақтың гүлі аман өсіп, жетісіп толар еді», — дейді ақын. Ал мұндағы «Тұрымтай» мен «Қырғи» деп отырғаны Ғұмардың өз шығармалары еді. Олай деуіміздің бірінші себебі, ақын сенім артқан партиясына Алаш азаматтарының мүддесі жырланатын өлеңдері басылған «Тұрымтай» жинағы арқылы өз үлесін қосқысы келгені байқалады. «Залалды торғайлар» өлеңінен басталып, «Түс» өлеңінен аяқталатын Ғұмар Қараштың осы жинағында «Неден қорқам?», «Саған не болды?», «Көреміз бе?», «өтер ме екен?», «Келер ме екен?» деген сияқты сұрақтарға негізделген өлеңдерінің өзі осы уақыттың тарихи шындығын танып-білуде маңызы зор. Мәселен, «Саған не болды?» деген өлеңінде ақын: «Дүние толы өсек-аяң, жер солды, Елемесең, елім, байқап оң-солды...» деп бекер айтпаған болар.

Екіншіден, «Залалды торғайлар» өлеңіндегі «Тартсақ та тоғыз екі торғай құны» деуінің мәнісі ойымызды нақтылай түседі. Яғни, «тоғыз» тартуы ақынның белгісіз «Қырғи» жинағын қосқандағы тоғыз туындысы /«Ойға келген пікірлерім». (Орынбор, 1910), «өрнек» (Уфа, 1911), «Бедел нажы» (Қазан, 1913) дейтін үш зерттеу кітабы, «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) деп аталатын бес поэзиялық жинағы/ екені анық. Ал «Қырғи» жинағы туралы мәлімет «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабында «Ғұмардың 1918 жылы Уфа қаласынан шыққан «Тұрымтай» жинағының соңғы бетінде: «Қырғи» атты Ғ.Қарашевтің жаңа жыр кітабы, топырақтан тыс болсақ, осы жазда басылып тарайды...» деген жарнама берілген. Бірақ «Қырғи» жарық көрген жоқ. «Қырғи» Уфадағы «Шарқ» баспасының архивінде қалды ма, әлде ақынның өз қағаздарымен бірге жойылды ма? — ол жағы белгісіз» [4,54] делінген. Сондай-ақ, әрі қарай өлең жолдарында тұрымтай мен қырғиды тырнақшаға алып жазуының өзі олардың тоғыз жинағының бірі екенін айқындай түседі. Ал «екі торғай құны» дегені ұлт мәселесін көтеруде тоғыз туындысының күші екі партияның идеологиясынан да кем еместігін білдіртсе керек.

Сонымен ақын «Иіліп басы толып піссе бидай, Жан сая табар еді көріп мұны» деу арқылы

«Алаш» идеясының жүзеге асуын армандаған еді. Мұнысын «Алаш» партиясының мұраты арқау етілген «Көреміз бе?» деген өлеңінде «Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ-дәулеті туып-өсіп балқығанын, әрбір істе қазақ исі аңқығанын, Тірлікте көзімізбен көреміз бе?» деп-ақ ашық айтқан болатын.

Әрі қарай «Тұрымтайын» жіберіп, Торғай нетті демесін» деп жеке «торғайдың» мәселесін сөз еткенде өздері «жайға жүрсе», «Қудалаймыз немесін?!» дегенінің де айтары бар. Яғни «Үш жүз» партиясының басшысы Көлбай Төгісовтің «Алаш» партиясын таратуға бар күшін салып баққанда бұл партия мүшелерінің де қарап қалмай, жедел хат арқылы ескерту жасағанын тарихи деректер арқылы білеміз. Сондай-ақ, Ғұмардың «Түсіндірсін торғайды, Егіндерді жемесін» деген талап-тілегі «Үш жүз» партиясының артында осыларға қамқор болған ірі саяси ұйымның тұрғанын аңғартады. Және де қарсыластары «жайға қарап жүрмесе...», «Тұрымтайдың» соңынан «Қырғидың» да шығатынын еске салады. Сөйтіп, ақын «Тұрымтайымен» оларды үркіткісі келеді. Өйткені, бұл жинақта Ғұмардың ұлт үшін жанын қиюға дайын Алаш азаматтарының қадірін білуге шақырған өлеңдерімен қатар, «Түс» өлеңіндегі «Үш мың» ба екен мұның аты...» деген сияқты «Үш жүз» газетін тұспалдап сынға алған шығармасы да бар еді. Бұл тарапта С.Мұқанов аталмыш еңбегінде «Бұл айтып отырғаны «Үш жүз» атты партияның газеті. «Үш жүздің» жүзін Омар әдейі білмегенсіп «мың ба еді?» деп сұрап отыр. «Үш жүз» Алашордаға қарсы партия болды» деп дөп басып айтқан еді.

Өлеңнің екінші бөлігіне келсек, ақын енді «Елдің соры кім екен...» деп негізгі айтпақ ойын өрбітуге көшеді. «Егін жеген торғай ма?», әлде оны «Қорғаушы да сондай ма?» деген сауалы арқылы шындықтың жүзіне тура қарауға шақырады. Мұндағы «қорғаушы» кім? Омбы қаласында шығатын «Революционная мысль» газетінің 1917 жылғы қараша айындағы нөмірлерінде «Үш жүз» партиясы, оның төрағасы, «Үш жүз» газеті туралы және осы партияны қолдаушылардың хаттарын жариялағандығын ескерсек, «торғайды» қорғаушының большевиктер партиясы екендігі айтпаса да түсінікті.

Ақын «Ашық айтып арасын, Ағы менен қарасын, Пайда, залал шамасын, Көрсетуге болмай ма?» деп «қорғаушыға» деген ренішін де жасырмайды. Ал большевиктер партиясы үшін «Алаш» пен «Үш жүздің» арасындағы алауыздық өте пайдалы, таптырмайтын олжа. Мұны ақын да сезеді. «Бір күніме керек деп, Торғайлар да көмек деп. Дүниенің жүзінде Көздегенім же-

мек деп. Сол мұратпен қорғай ма?!» дей отырып, дүниежүзі пролетариаттарын бірігуге шақырған партияның көздеген мақсатын да айқындап береді. «Торғайларға бас болып, Тойғанына мас болып» деуі арқылы большевиктер партиясының қос үкіметтің тұсында да, Қазан төңкерісінен кейінде де салмағы басымырақ болып, «торғайларға» бас болғанын хабардар етсе, әрі қарай «Ел мұратын ескермей, Игі жолға қас болып, Өз пайдасын қамдай ма?» деп оларға сенімсіздік танытып, сын құрығына алады. «Игі жол» деп отырғаны «Алаш» партиясының бағдарламасы екені тағы да аян. Сөйтіп, Ғұмар Қараш:

Бұлай болса олар да,
Әділ қазы алдында,

Торғайлармен жанаса,
Орын алып қонбай ма? –

деп ашу-ызасын төгеді. Мұндағы «Әділ қазы алдында» дегені Бүкілресейлік құрылтай жиналысын мензегені еді. Ал өлеңнің үшінші бөлігінде ақын ойын қысқаша қорытып, шешімін өзі шығарады. Яғни, ақынға салса, екеуін де қосақтап көзін жойғысы келеді. Сонда ғана «елдің көзі ашылып», оңар еді деген түйінге келеді.

Сонымен, Ғ.Қараш мұрасының бүгінгі оқушысы, яғни біздер бұл өлеңнің жұмбағын осылай түсініп, дұрыс шешуге тырыстық. Келешекте іздеу салынып, ақынның «Тұрымтайдан» күштірек «Қырғи» жинағы табылса екен деген де тілегіміз зор.

Әдебиеттер

- 1 Шаяхметов Ж. Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері//Социалистік Қазақстан. – 1947.– 14 февраль.
- 2 Мұқанұлы С. С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім. 1932. – Алматы: Атамұра, 2008.
- 3 Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш.– Ақтөбе: А. Полиграфия ЖШС, 2004.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. – Алматы, 2005.
- 5 Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994.– 240 б.

References

- 1 Shayxmetov J. Ideology maidanyndagy kyzmetkerlerdin aibyndy mindetteri//Sosialistik Kazakstan.–1947.– 14 fevral.
- 2 Mykanyly S. XX gasyrdagy kazak adebieti. 1 bolim. 1932; Almaty: Atamyra, 2008.
- 3 Taj-Murat M. Gumar Karash.– Aktobe: A.Poligrafiy, 2004.
- 4 Kazak adebietinin tarixy. 6-t. Almaty6 2005.
- 5 Karash G. Zamana. Almaty: Gylym, 1994.– 240 б.